

FTAXP 06.71.45

ЭОЖ 33.336.13

JEL I22

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2026-1-2-203-218>

ТОЛАМИСОВА А.Г.,¹

докторант.

e-mail: zhantokab@mail.ru

ORCID ID: 0009-0003-4269-0433

БАЙДЫБЕКОВА С.К.,^{*1}

э.ф.к., профессор.

*e-mail: b-saltanat@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-7974-1236.

ДЫРКА С.,²

э.ф.д., профессор.

e-mail: stefandyrka@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-5677-0675

СЮБЕБАЕВА Ж.К.,¹

э.ф.м., опытушы-лектор.

e-mail: s.zhuldiz.e@mail.ru

ORCID ID: 0009-0003-4269-0433

¹І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ., Қазақстан

²Корфантогы атындағы Верхнесилез
экономикалық университеті,
Катовице қ., Польша

КОШІ-ҚОН ЖӘНЕ ЕҢБЕК НАРЫҒЫ: ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ӘСЕРІ МЕН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Андатпа

Мақала Қазақстан Республикасындағы көші-қон процестерінің еңбек нарығына, адами капиталдың сапасына және ұлттық экономиканың құрылымдық дамуына тигізетін әсерін кешенді талдауға арналған. Қазақстан Республикасындағы ішкі көші-қон процестерінің қазіргі жай-күйі мен даму динамикасын жан-жақты қарау. Урбанизацияның негізгі бағыттарын, ауылдық аудандардан ірі қалалар мен экономикалық белсенді аймақтарға халықтың шоғырлану себептерін, сондай-ақ өңірлер арасындағы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлеріндегі айырмашылықтарды талдау. Зерттеу барысында көші-қонның әлеуметтік-экономикалық және демографиялық факторлармен өзара байланысы айқындалып, 2010–2025 жж. аралығындағы ресми ұлттық және халықаралық статистикалық деректер негізінде аналитикалық бағалау жүргізілді. Зерттеу барысында экономикалық және статистикалық талдау әдістері қолданылды. Эмпирикалық талдау нәтижелері ішкі көші-қонның урбанизацияланған аймақтарда еңбек өнімділігін 25–30%-ға арттырумен байланысты екенін, ал сыртқы көші-қон аясындағы жоғары білікті кадрлардың үлесінің 31,8%-дан 38,8%-ға дейін өсуі ұлттық инновациялық әлеуетке ұзақ мерзімді теріс әсер ету қауіпін күшейтіп отырғанын көрсетті. Зерттеу нәтижелері көші-қонның еңбек ресурстарының аумақтық үтқырлығын арттыруға, аймақаралық теңгерімді ішінара жақсартуға және урбанизация үдерісін жеделдетуге ықпал ететінін көрсетті. Сонымен қатар, сыртқы көші-қон аясында жоғары білікті кадрлардың кетуі, ішкі көші-қон салдарынан ірі қалалардағы инфрақұрылымдық жүктеменің артуы және бейресми жұмыспен қамтудың ұлғаюы сияқты тәуекелдер анықталды. Алынған нәтижелер ішкі көші-қонды тиімді басқару тетіктерін жетілдірудің, өңірлік теңгерімді дамуды қамтамасыз етудің және қалалық инфрақұрылымды кешенді жаңғыртудың маңыздылығын негіздейді. Зерттеу қорытындылары мемлекеттік және өңірлік даму саясатында көші-қон факторын ескеруге, аймақтар арасындағы әлеуметтік-экономикалық алшақтықты қысқартуға және елдің ұзақ мерзімді экономикалық дамуын үйлестіруге бағытталған практикалық ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: көші-қон, еңбек нарығы, адами капитал, экономикалық даму, аймақтық теңгерім, урбанизация, мемлекеттік саясат, әлеуметтік интеграция, халықаралық тәжірибе.

Кіріспе

Жаһандану және экономиканың цифрлық трансформациясы жағдайында көші-қон процестері әлемдік және ұлттық даму жүйелерінің ажырамас элементіне айналды. Қазіргі кезеңде көші-қон тек демографиялық қозғалыс ретінде ғана емес, сонымен қатар еңбек нарығының құрылымына, адами капиталдың сапасына және экономикалық өсімнің тұрақтылығына тікелей әсер ететін стратегиялық фактор ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасында көші-қон процестері ерекше сипатқа ие. Ел бір мезгілде еңбек ресурстарын қабылдаушы және жіберуші мемлекет ретінде қалыптасып отыр. Бұл жағдай тарихи алғышарттармен, аумақтық ерекшеліктермен және аймақаралық әлеуметтік-экономикалық теңсіздікпен тығыз байланысты.

Соңғы жылдары ішкі көші-қонның күшеюі урбанизация үдерісін жеделдетіп, ірі қалаларда еңбек ресурстарына сұранысты арттырса, сыртқы көші-қон аясында жоғары білікті мамандардың елден кетуі ұлттық экономиканың инновациялық әлеуетіне теріс әсер етуде. Осыған байланысты көші-қон процестерін ғылыми тұрғыда зерделеу және олардың еңбек нарығына ықпалын бағалау өзекті мәселе болып табылады [1].

Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы көші-қон процестерінің еңбек нарығына әсерін кешенді түрде талдау және көші-қон саясатын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

Көші-қон процестерін экономикалық талдау бірнеше теориялық бағыттарға сүйенеді. Неоклассикалық көші-қон теориясы еңбек ресурстары табыс деңгейі жоғары аймақтарға бағытталып, нарықтық теңгерімді қамтамасыз етеді деп тұжырымдайды. Бұл модель көші-қонды жалақы айырмашылығы мен еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс теңгерімсіздігі арқылы түсіндіреді [2].

Push-pull моделі көші-қонды итермелеуші және тартушы факторлар жүйесі арқылы түсіндіреді. Қазақстан жағдайында ауылдық өңірлердегі шектеулі экономикалық мүмкіндіктер «push» факторы ретінде, ал ірі қалалардағы жоғары табыс пен инфрақұрылым дамуы «pull» факторы ретінде әрекет етеді.

Урбанизация теориясы мен агломерациялық әсер тұжырымдамасы ірі қалалардағы экономикалық белсенділіктің шоғырлануы еңбек өнімділігін арттыратынын көрсетеді. Алайда шамадан тыс урбанизация инфрақұрылымдық теңгерімсіздікке және әлеуметтік жүктеменің артуына алып [3].

Материалдар мен әдістер

Көші-қон және еңбек нарығы мәселелері халықаралық және отандық ғылыми әдебиетте кеңінен зерттелген. Зерттеулердің басым бөлігі көші-қонның экономикалық өсімге, еңбек өнімділігіне және адами капитал сапасына әсерін талдауға бағытталған.

Зерттеу барысында ресми статистикалық және аналитикалық деректер кеңінен пайдаланылды. Негізгі ақпарат көздері ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық мәліметтері, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жарияланымдары, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың деректері: Халықаралық еңбек ұйымы (ILO), БҰҰ Даму бағдарламасы (UNDP) және Дүниежүзілік банк материалдары қолданылды. Бұл деректердің әртүрлілігі зерттеуге сенімділік пен көпқырлылық беріп, көші-қон процесінің объективті бағалануына мүмкіндік туғызды.

Әдіснамалық негіз ретінде жүйелік, салыстырмалы және экономикалық-статистикалық талдау әдістері пайдаланылды. Жүйелік тәсіл көші-қон процестерін олардың экономикалық, әлеуметтік және институционалдық байланыстары тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік берді. Салыстырмалы талдау Қазақстанның ішкі және сыртқы көші-қон жағдайын халықаралық тәжірибе мен көрші елдердің тәжірибесімен салыстыруға негіз болды. Экономикалық-статистикалық әдістер деректерді сандық тұрғыда бағалауға, динамикалық қатарлар мен коэффициенттерді есептеуге қолданылады.

Көші-қон динамикасын бағалау үшін трендтік және контенттік талдау элементтері енгізілді. Трендтік талдау арқылы ішкі және сыртқы көші-қон ағындарының ұзақ мерзімді тенденциялары, жылдық өзгерістер және болжамдық сценарийлер анықталды. Контенттік талдау әдісі

көші-қон саясатына қатысты нормативтік құжаттар, мемлекеттік бағдарламалар, әлеуметтік зерттеулер және медиа материалдар арқылы сапалық ақпаратты жүйелеуге мүмкіндік берді [4].

Зерттеу 2010–2025 жж. аралығын қамтып, Қазақстанның барлық аймақтарын және негізгі сыртқы көші-қон бағыттарын қамтыды. Бұл кезең елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгеруін, еңбек нарығының құрылымдық трансформациясын және халықаралық миграциялық үрдістердің әсерін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеуде көші-қонның экономикалық және әлеуметтік аспектілері интеграцияланған тәсілмен қарастырылды. Экономикалық аспект көші-қонның еңбек нарығына, ұлттық өнімге, инвестициялық және инновациялық әлеуетке әсерін талдауды қамтыса, әлеуметтік аспект білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және халықтың өмір сүру сапасына әсерін бағалауды көздеді. Мұндай интеграцияланған тәсіл ішкі және сыртқы факторлардың өзара байланысын көрсетуге, сондай-ақ көші-қонның аймақтық теңсіздік пен әлеуметтік тұрақтылыққа ықпалын анықтауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, халықаралық тәжірибе негізінде көші-қон саясатын тиімді басқару үшін институционалдық және нормативтік-құқықтық элементтер зерттелді. Бұл Қазақстандағы миграциялық процестерді реттеудің заңнамалық және әкімшілік аспектілерін, шетелдік тәжірибеден алынған тиімді модельдерді, сондай-ақ мемлекеттік және аймақтық деңгейдегі институционалдық құрылымдарды талдауды қамтиды. Зерттеу нәтижелері көші-қон саясатын жетілдіру, еңбек нарығын оңтайландыру және әлеуметтік қорғау шараларын күшейту жөніндегі практикалық ұсыныстар жасауға негіз болды [5].

Нәтижелер мен талқылау

Статистикалық деректер Қазақстандағы көші-қон процестерінің соңғы онжылдықта тұрақты әрі көпбағытты сипат алғанын көрсетеді. Сыртқы көші-қон аясында елден кетушілер санының артуы байқалады, ал келушілер ағынының баяулауы еңбек ресурстарының сапалық құрылымына айтарлықтай әсер етуде. Бұл үрдіс әсіресе жастар мен жоғары білікті мамандар арасында айқын көрінеді, нәтижесінде кейбір өңірлерде еңбек күшінің тапшылығы туындауда.

Ішкі көші-қон ауылдық өңірлерден қалаларға бағытталаып, урбанизация қарқынын күшейтеді. Бұл бір жағынан еңбек нарығының кеңеюіне және экономикалық белсенділіктің артуына ықпал етсе, екінші жағынан тұрғын үй, көлік, энергетика және әлеуметтік инфрақұрылымға түсетін жүктемені арттырды. Урбанизацияның қарқыны кейбір қалаларда тұрғын үй тапшылығын, көлік кептелісін және экологиялық мәселелерді тудырып отыр, бұл өңірлік даму стратегияларын қайта қарастыру қажеттігін көрсетеді [6].

Көші-қонның еңбек нарығына әсері екіжақты сипатқа ие. Позитивті аспектілеріне мыналар жатады:

- ♦ еңбек ресурстарының ұтқырлығының артуы және аймақаралық еңбек балансының жақсаруы;

- ♦ кейбір өңірлерде жұмыссыздық деңгейінің салыстырмалы тұрақтылығы мен қысқаруы;
- ♦ жаңа кәсіпкерлік және қызмет көрсету салаларының дамуына ынталандырушы әсері.

Ал негативті салдарларына:

- ♦ жоғары білікті кадрлардың кетуі және инновациялық сектордың дамуына теріс әсері;
- ♦ бейресми жұмыспен қамтудың өсуі, әлеуметтік қорғаудың шектеулі болуы;
- ♦ аймақаралық әлеуметтік және экономикалық теңсіздіктің тереңдеуі;
- ♦ кейбір қалаларда инфрақұрылымға шамадан тыс жүктеменің пайда болуы [7].

Көші-қонның экономикалық әсерін бағалауда кадр сапасы мен еңбек өнімділігін ескеру маңызды. Жоғары білікті мамандардың кетуі инновациялық секторға, технологиялық трансферге, ғылыми-зерттеу әлеуетіне және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне ұзақ мерзімді теріс ықпалын тигізеді. Сонымен қатар, көші-қон ағындарының құрылымдық өзгерісі аймақтық экономикалық даму стратегиясын қайта қарауды, инвестициялық саясатты және кадрлық әлеуетті оңтайландыруды талап етеді.

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, көші-қон халықтың өмір сүру сапасына, білім беру және денсаулық сақтау қызметтеріне, мәдени және әлеуметтік интеграцияға әсер етеді. Келушілер-

дің сандық өсуі әлеуметтік қызметтерге қысым түсірсе, елден кететін азаматтар экономикалық белсенділіктің төмендеуіне және кейбір әлеуметтік функциялардың атқарылуының қиындауына әкеледі [8].

Жалпы алғанда, Қазақстандағы көші-қон процестері экономикалық дамудың, еңбек нарығының және әлеуметтік тұрақтылықтың маңызды факторлары болып табылады. Бұл үрдістерді тиімді басқару үшін мемлекет тарапынан институционалдық, нормативтік-құқықтық және әлеуметтік-экономикалық шараларды кешенді түрде іске асыру қажет.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасындағы көші-қон процестерінің еңбек нарығына, адами капиталдың құрылымына, сондай-ақ аймақтық экономикалық дамуға кешенді әрі көпқырлы әсер ететінін көрсетті. 2010–2025 жж. аралығындағы статистикалық деректерді талдау көрсеткендей, көші-қон ел экономикасының құрылымдық өзгерістерімен, урбанизация үдерісімен және еңбек ресурстарының аумақтық қайта бөлінуімен тығыз байланыста дамып отыр.

Атап айтқанда, ішкі көші-қон қалалар мен индустриалды орталықтарға халық ағымын күшейтіп, урбанизация қарқынын арттырды. Бұл өз кезегінде еңбек нарығында сұраныс пен ұсыныстың аумақтық теңгерімсіздігіне әкеліп соқтырады, кейбір аймақтарда жұмыссыздық деңгейін төмендетсе, ал кейбір шалғай аймақтарда кәсіби кадр тапшылығын тудырады. Сонымен қатар, сыртқы көші-қон еңбек ресурстарының сапалық құрамына, оның ішінде кәсіби және біліктілік деңгейіне әсер етіп, адами капиталдың құрылымын өзгертуге ықпал етеді. Мысалы, шетелден келетін мамандар экономиканың жоғары технологиялық салаларына қажетті білікті кадрларды қамтамасыз етсе, жастардың ішкі көші-қоны кейбір өңірлердегі жұмыс күші тапшылығын азайтуда маңызды рөл атқарады [9].


Көші-қонның аймақтық экономикалық дамуға әсері де көпқырлы: ол инвестициялық тартымдылықты арттыру, тұтыну сұранысын көбейту және жергілікті инфрақұрылымды дамыту арқылы экономикалық белсенділікті ынталандырады. Сонымен қатар, көші-қон үрдістері әлеуметтік және мәдени құрамдастарға да әсер етіп, этникалық әртүрлілікті арттырып, аймақтық интеграциялық процестерге жаңа серпін береді.

Нәтижесінде, зерттеу көрсеткендей, көші-қон тек халық санының динамикасына ғана әсер етпей, сонымен қатар еңбек нарығының құрылымын, кадрлық ресурстарды, аймақтық экономикалық теңгерімді және әлеуметтік-мәдени дамуды кешенді түрде өзгерте отырып, Қазақстанның жалпы экономикалық дамуына маңызды ықпалын тигізеді. Осы тұрғыдан алғанда, көші-қон саясатын жоспарлау мен оны басқарудың стратегиялық аспектілері елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуде шешуші мәнге ие болады [10].

Сыртқы көші-қон динамикасын талдау Қазақстандағы халықаралық көші-қон динамикасы соңғы он бес жылда айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. 2010 жылы елден кеткендердің саны 26,5 мың адам болса, елге келгендердің саны 18,4 мың адам болды. 2016 жылдан бастап елден кетушілердің саны артып, 34,9 мың адамға жетті, елге келгендер саны 20,5 мың адамды құрды. 2024 және 2025 жылдарда елден кеткендердің саны 49,1 мың және 50,4 мың адам санына жетсе, елге келгендердің саны 26,2 мың және 27,5 мың адамға жетті. Аталған динамика тек сандық өзгерістерді ғана емес, сапалық құрылымдық ығысуларды да көрсетеді. Атап айтқанда, елден кетушілер саны артуы жоғары білікті еңбек ресурстарының халықаралық еңбек нарығына бейімделуінің күшеюімен байланысты. Бұл үрдіс жаһандану жағдайында адами капиталдың мобильділігінің артуымен түсіндірілгенімен, Қазақстан үшін ол ұлттық кадрлық әлеуеттің әлсіреуіне әкелетін асимметриялық көші-қон моделін қалыптастырады.

Сонымен қатар, келушілер ағынының қысқаруы елдің жоғары білікті шетелдік мамандар үшін тартымдылығының жеткіліксіздігін көрсетеді, бұл институционалдық, экономикалық және технологиялық факторлардың жиынтық әсерімен түсіндіріледі.

Бұл жағдай сыртқы көші-қондағы теңгерімсіздіктің күшейгенін және жоғары білікті еңбек ресурстарының шетелге кету үрдісінің сақталып отырғанын білдіреді. Диаграммалық түрде бұл үрдіс кетушілер санының біртіндеп өсуін және келушілер ағынының қысқаруын көрсететін сызықтық график арқылы айқын көрініс табады (1-сурет).



Сурет 1 – Халықаралық көші-қон динамикасы, мың адам

Ескертпе: Авторлармен [14] дереккөз негізінде құрастырылған.

2025 жылғы көрсеткіштер ҚР Ұлттық статистика бюросының жедел мәліметтері және авторлық бағалау негізінде толықтырылды.

Халықаралық көші-қон динамикасы Қазақстаннан кетушілер үлесінің біртіндеп артып отырғанын көрсетеді. Сонымен қатар 2022 жылдан кейін елге келушілер санының қалпына келуі байқалады. Бұл үрдістер еңбек нарығының құрылымына, адами капиталдың қозғалысына және аймақтық экономикалық теңгерімге әсер етуде.

Берілген деректер елден кетушілер мен елге келушілер арасындағы алшақтықтың уақыт өте келе артып келе жатқанын көрсетеді. Бұл тенденция жоғары білікті кадрларды сақтау саясатын жетілдіру қажеттігін, халықаралық тәжірибеден алынған тиімді тетіктерді қолдануды және елге келген мигранттарды интеграциялау механизмдерін дамыту қажеттігін көрсетеді.

Елден кетушілердің құрылымын талдау олардың басым бөлігін еңбекке қабілетті жастағы, жоғары және техникалық білімі бар азаматтар құрайтынын көрсетеді. Бұл жағдай Қазақстанның адами капиталының сапасына, ғылыми-техникалық және инновациялық әлеуетіне ұзақ мерзімді теріс әсерін тигізеді. «Brain drain» құбылысы өндірістік, инженерлік және ғылыми салаларда кадр тапшылығының күшеюіне әкеліп, еңбек нарығындағы сапалық теңгерімсіздікті арттырады [11].

Ішкі көші-қон процестері де еңбек нарығына елеулі ықпал етуде. 2010–2025 жж. аралығында Қазақстанда ішкі көші-қон қарқыны тұрақты өсім көрсетіп, халықтың урбанизациялану тенденциясын айқын көрсетті.

2010 ж. ішкі көші-қон көлемі 702 мың адам болса, 2025 ж. бұл көрсеткіш 1145 мың адамға жеткен. Осы кезеңде қала халқының үлесі 57,4%-дан 63,0 %-ға өсті, бұл урбанизацияның баяу, бірақ тұрақты өсімін сипаттайды.

Ішкі көші-қонның урбанизациялық әсері ірі қалаларға бағытталуымен ерекшеленді. 2010 ж. ішкі көші-қонның 42%-ы ірі қалаларға түскен болса, 2025 ж. бұл көрсеткіш 56%-ға жеткен. Бұл үрдіс ірі қалалардағы еңбек нарығының тартымдылығының, инфрақұрылымның және экономикалық мүмкіндіктердің артуымен байланысты. Жылдық урбанизация өсімі деректерде кейбір жылдарда төмендеу немесе тұрақты деңгейде болғанымен, орташа алғанда, 0,2–1,0% аралығында өзгеріп отыр. Мысалы, 2021 ж. урбанизация жылдық өсімі 1,0% болып, ішкі көші-қонның ең қарқынды кезеңі ретінде байқалды, ал 2020 ж. ол –0,3% көрсетіп, пандемиялық және экономикалық факторлардың әсерін көрсетті (1-кесте).

2025 ж. бойынша деректер ҚР Ұлттық статистика бюросының жедел мәліметтері негізінде авторлармен есептелді.

Бұл үрдіс урбанизацияның жеделдегенін және экономикалық белсенділіктің ірі қалалар мен агломерацияларда шоғырланып отырғанын көрсетеді. Берілген деректерден көрініп тұрғандай, ірі қалаларға көші-қонның үлесі тұрақты өсіп, урбанизация процесі қарқынды жүріп жатыр. Бұл үрдіс урбанизацияланған өңірлерде еңбек өнімділігін арттырып, экономикалық өсімді қолдаса, ауылдық өңірлерде кадр тапшылығы мен демографиялық қысқаруды күшейтеді. Сонымен

қатар, 2020 ж. урбанизация жылдық өсімінің азаюы пандемиялық жағдай мен экономикалық дағдарыстың әсерінен ішкі көші-қон үрдісінің уақытша баяулауын көрсетті [12].

Кесте 1– Ішкі көші-қон, қала халқы және урбанизация, 2010–2025 жж.

Жыл	Ішкі көші-қон, мың адам	Қала халқының үлесі, %	Урбанизация жылдық өсімі, %	Ірі қалаларға көші-қон үлесі, %
2010	702	57,4	-	42
2011	730	57,8	0,7	43
2012	755	58,2	0,7	44
2013	780	58,5	0,5	45
2014	820	58,8	0,5	46
2015	865	58,9	0,2	47
2016	890	59,3	0,7	48
2017	920	59,7	0,7	49
2018	950	60,0	0,5	50
2019	975	60,3	0,5	51
2020	980	60,1	-0,3	51
2021	1010	60,7	1,0	52
2022	1050	61,0	0,5	53
2023	1105	61,2	0,3	54
2024	1120	61,5	0,5	55
2025*	1145	63,0	2,4	56

Ескертпе: Авторлармен [13, 14] дереккөз негізінде құрастырылған.

2025 жылғы жедел статистикалық деректер Қазақстандағы урбанизация үдерісінің жалғасып отырғанын көрсетеді. Қала халқының үлесі 63%-ға дейін өсіп, ішкі көші-қон ағындарының негізгі бөлігі Астана, Алматы және Шымкент қалаларына бағытталған. Бұл еңбек нарығы құрылымының өзгеруіне, өңіраралық экономикалық теңсіздікке және инфрақұрылымдық жүктеменің артуына ықпал етуде.

Ішкі көші-қонның күшеюі тек демографиялық қайта бөліністі ғана емес, сонымен қатар экономикалық кеңістіктің трансформациясын білдіреді. Урбанизацияланған аймақтарға еңбек ресурстарының шоғырлануы агломерациялық тиімділіктің қалыптасуына ықпал етеді, яғни өндіріс, қызмет көрсету және инновациялық секторлар арасындағы өзара байланыс күшейеді.

Алайда бұл үрдіс бір мезгілде «орталық–периферия» үлгісіндегі теңсіздіктің тереңдеуіне әкеледі, себебі экономикалық белсенділік шектеулі аумақтарда жинақталып, перифериялық аймақтардың даму әлеуетін төмендетеді.

Осы тенденциялар Қазақстанның аймақтық даму стратегиясына әсер ететін маңызды факторларды көрсетеді. Ірі қалаларда урбанизация мен еңбек ресурстарының концентрациясы экономикалық өсімді жеделдетсе, ауылдық және перифериялық аймақтарда демографиялық қысқару мен кадр тапшылығы экономикалық даму үшін сын-қатер тудырады.

Урбанизация еңбек нарығы үшін бір жағынан оң фактор болып табылады, себебі қалаларда жаңа жұмыс орындары ашылып, қызмет көрсету және өнеркәсіп секторлары дамиды. Алайда екінші жағынан, ірі қалаларда тұрғын үй тапшылығы, көлік инфрақұрылымына түсетін жүктеменің артуы және әлеуметтік қызметтерге сұраныстың күрт өсуі сияқты мәселелерді күшейтеді. Бұл жағдай еңбек мигранттарының әлеуметтік бейімделуін қиындатып, бейресми жұмыспен қамтудың өсуіне ықпал етеді.

Көші-қонның жұмыспен қамту құрылымына әсерін талдау салалар арасындағы еңбек ресурстарының қайта бөлінуін көрсетеді. 2010–2025 жж. аралығында Қазақстанның экономикалық құрылымында салааралық динамика айқын байқалды. Ауыл шаруашылығының үлесі тұрақты түрде төмендеп, 29,5%-дан 17,8%-ға дейін төмендеді, бұл ауылдық өңірлерден ірі қалаларға бағытталған ішкі көші-қонның әсерін көрсетеді. Урбанизацияның өсуі еңбек ресурстарының ауыл шаруашылығы секторынан өнеркәсіп, қызмет көрсету және ақпараттық технологиялар салаларына қайта бағытталуына себеп болды.

Өнеркәсіп секторының үлесі 2010 ж. 19,1% болса, 2025 ж. 21,9%-ға дейін артты. Бұл көрсеткіш ішкі көші-қонның урбанизацияланған өндірістік орталықтарға шоғырлануы, қаладағы өндірістік инфрақұрылымның кеңеюі және өнеркәсіптік кәсіпорындарға қажетті кадрлардың көбеюімен байланысты.

Қызмет көрсету саласы 51,4%-дан 60,7%-ға дейін өсіп, қалалық аймақтардағы экономикалық белсенділіктің негізгі қозғаушы күші ретінде көрінді. Ішкі көші-қон мен урбанизацияның қарқынды өсуі қызмет көрсету секторында еңбек нарығын кеңейтті, жаңа жұмыс орындарын қалыптастырды және экономикалық өсімге елеулі үлес қосты [13].

Ақпараттық технологиялар секторының үлесі 2010 ж. 0,5% болса, 2025 ж. 2,9%-ға дейін өсті. Бұл сектордың өсуі урбанизацияланған аймақтарға жоғары білікті кадрлардың шоғырлануымен, білім беру және инновациялық инфрақұрылымның дамуының нәтижесі болып табылады. Сонымен қатар, IT саласының өсуі экономикадағы технологиялық жаңалықтарды енгізуді жеделдетіп, елдің инновациялық әлеуетін арттырды (2-кесте).

Кесте 2 – Экономикалық құрылымдағы салалардың үлесі, 2010–2025 жж.,%

Сала	2010	2012	2014	2016	2018	2020	2022	2024	2025*
Ауыл шаруашылығы	29,5	27,8	25,9	23,5	21,5	20,0	19,0	18,2	17,8
Өнеркәсіп	19,1	19,5	20,0	20,5	21,0	21,2	21,5	21,7	21,9
Қызмет көрсету	51,4	52,7	54,1	56,0	57,5	58,8	59,5	60,1	60,7
Ақпараттық технология	0,5	0,7	1,0	1,5	2,0	2,3	2,5	2,6	2,9

Ескертпе: Авторлармен [13, 14] дереккөз негізінде құрастырылған.

Берілген мәліметтерден көрініп тұрғандай, ішкі көші-қон мен урбанизация экономикалық құрылымдағы трансформацияның негізгі факторлары болып отыр. Ауыл шаруашылығының үлесінің төмендеуі еңбек ресурстарының қалаға бағытталуын көрсетсе, қызмет көрсету және IT секторларының өсуі урбанизацияланған аймақтардағы экономикалық белсенділікті арттыруға ықпал етеді. Өнеркәсіп саласының біртіндеп өсуі аймақтық өндірістік орталықтардағы кадрлар мен ресурстардың тиімді шоғырлануын көрсетеді. Салааралық құрылымдағы аталған өзгерістер экономиканың классикалық индустриялық моделінен постиндустриялық модельге көшуінің индикаторы болып табылады. Қызмет көрсету және IT секторларының үлесінің артуы еңбек нарығында білім мен дағдыға қойылатын талаптардың өзгергенін көрсетеді.

Бұл жағдайда көші-қон процестері тек сандық фактор емес, адами капиталдың сапалық қайта құрылу механизмі ретінде қарастырылуы тиіс. Яғни, ішкі көші-қон еңбек ресурстарын төмен өнімді секторлардан жоғары қосылған құн қалыптастыратын салаларға қайта бағыттаудың негізгі арнасы қызметін атқарады.

Осы тенденциялар Қазақстан экономикасының құрылымдық өзгерістерін, урбанизация мен көші-қонның экономикалық секторларға әсерін айқын көрсетеді. Бұл үрдістер қызмет көрсету, IT және өнеркәсіп салаларын дамытуға бағытталған стратегиялық жоспарлауды қажет етеді, ал ауылдық өңірлерде кадрларды тиімді тарту және ауыл шаруашылығын модернизациялау маңызды болып табылады.

Сонымен қатар, 2010–2025 жж. аралығында Қазақстандағы бейресми жұмыспен қамтудың үлесі біртіндеп төмендеу тенденциясын көрсетті. 2010 ж. жұмыс істейтін халықтың 26,8%-ы бейресми секторда қызмет етсе, 2025 ж. бұл көрсеткіш 22,0%-ға дейін төмендеді. Бұл үрдіс ресми жұмыс орындарының артуы, экономикалық реттеудің күшеюі және еңбек нарығын формалдау шараларының нәтижесі ретінде қарастырылуы мүмкін [13].

Кестеде көрсетілгендей, Қазақстан экономикасында қызмет көрсету секторының үлесі тұрақты түрде артып келеді. Бұл урбанизация мен ішкі көші-қон үдерістерінің күшеюімен тікелей байланысты. Халықтың ірі қалаларға шоғырлануы еңбек нарығында жаңа қызмет түрлеріне, цифрлық экономика мен ақпараттық технологиялар саласына сұранысты арттыруда.

Бейресми сектордағы негізгі салалар құрылыс, ауыл шаруашылығы, сауда және қызмет көрсету болып қалып отыр. Құрылыс саласы тұрақты түрде бейресми жұмыспен қамтудың жетекші саласы болып, оның үлесі әр жылдарда ең көп бейресми еңбек күшін тартты. Ауыл шаруашылығы мен сауда салалары кезең-кезеңімен бейресми жұмыспен қамтудың негізгі

салалары қатарына кірсе, қызмет көрсету саласы 2011 жылдан бастап осы топқа қосылып, қала экономикасындағы бейресми сектордың өсуін көрсетті.

Кесте 3 – Бейресми жұмыспен қамту және негізгі салалары, 2010–2025 жж.

Жыл	Бейресми жұмыспен қамту, %	Бейресми сектордағы негізгі салалар
2010	26,8	Құрылыс, ауыл шаруашылығы
2011	26,0	Құрылыс, көлік, қызмет көрсету
2012	25,5	Құрылыс, сауда
2013	25,0	Құрылыс, ауыл шаруашылығы
2014	24,8	Құрылыс, қызмет көрсету
2015	24,5	Құрылыс, сауда
2016	24,0	Құрылыс, ауыл шаруашылығы
2017	23,5	Құрылыс, қызмет көрсету
2018	23,2	Құрылыс, сауда
2019	23,0	Құрылыс, қызмет көрсету
2020	23,1	Құрылыс, ауыл шаруашылығы
2021	22,8	Құрылыс, қызмет көрсету
2022	22,5	Құрылыс, сауда
2023	22,4	Құрылыс, қызмет көрсету
2024	22,3	Құрылыс, ауыл шаруашылығы
2025*	22,0	Құрылыс, қызмет көрсету, платформалық еңбек

Ескертпе: Авторлармен [13] дереккөз негізінде құрастырылған.

Зерттеу нәтижелері бейресми жұмыспен қамтудың біртіндеп төмендеу үрдісін көрсетеді. Дегенмен ішкі көші-қон ағындарының күшеюі ірі қалаларда уақытша және тұрақсыз еңбек түрлерінің таралуына ықпал етуде. Әсіресе құрылыс, қызмет көрсету және платформалық еңбек салаларында бейресми жұмыспен қамту сақталуда.

Берілген деректерден көрініп тұрғандай, бейресми жұмыспен қамту көрсеткіші 2010 жылдан бастап 2025 жылға дейін біртіндеп төмендеп отыр. Бұл үрдіс ресми сектордағы жұмыс орындарының кеңеюімен, еңбек нарығын реттеу және бақылау шараларының күшеюімен байланысты. Құрылыс саласы бейресми жұмыспен қамтудың тұрақты жетекші саласы болып қалса, ауыл шаруашылығы мен сауда салаларының үлесі кезеңдік өзгерістерге ұшырап отыр. Қызмет көрсету саласы қала аймақтарында бейресми жұмыспен қамтудың маңызды бөлігін құрайды, бұл урбанизация мен ішкі көші-қонның экономикалық құрылымға әсерімен байланысты.

Осы динамика Қазақстан экономикасының формалды және бейресми секторларының арақатынасын, урбанизация және көші-қон үрдістерінің еңбек нарығына әсерін көрсетеді. Бейресми жұмыспен қамтудың төмендеуі ресми сектордағы жұмыс орындарының кеңеюін, әлеуметтік қорғаудың артуын және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ететін маңызды көрсеткіш болып табылады.

Аймақаралық көші-қон демографиялық құрылымға да айтарлықтай әсер етуде. 2010–2025 жж. аралығында Қазақстанның аймақтық демографиялық көрсеткіштерінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалды. Халық санының өзгерісі урбанизация және ішкі көші-қон үрдістерімен тығыз байланысты. Көптеген урбанизацияланған қалаларда халық саны елеулі өсім көрсетсе, кейбір ауылдық және индустриалды аймақтарда азайған.

Солтүстік Қазақстан облысында халық саны 2010 жылғы 600 мыңнан 2024 ж. 510 мыңға дейін төмендеп, 15%-дық азайған. Қостанай облысында халық саны 10%-ға кеміп, 900 мыңнан 810 мыңға дейін жетті. Бұл өңірлерде демографиялық қысқару ауылдық аймақтардағы көші-қонның қалаларға бағытталуымен және жастардың еңбек ресурстарының урбанизацияланған аймақтарға кетуімен түсіндіріледі.

Екінші жағынан, Түркістан облысында халық саны 18%-ға өсіп, 1400 мыңнан 1652 мың адамға жеткен, ал Алматы қаласында 23%-дық өсім байқалып, 1800 мыңнан 2214 мың адамға жетті. Астанада халық саны ең жоғары көрсеткішпен 31%-ға өсіп, 1000 мыңнан 1310 мың адамға дейін артты. Бұл өсім ірі қалаларға ішкі көші-қонның шоғырлануы, экономикалық және әлеуметтік мүмкіндіктердің артуымен түсіндіріледі.

Сонымен қатар, Шығыс Қазақстанда халық саны тек 1%-ға өсіп, 1200 мыңнан 1212 мыңға жеткен, бұл аймақта демографиялық өсімнің төмен деңгейде екенін көрсетеді. Жамбыл облысында халық саны 11%-ға, Ақмола облысында 6%-ға, Маңғыстау облысында 10%-ға өсті, бұл өңірлерде урбанизация мен ішкі көші-қонның орташа әсерін көрсетеді (4-кесте).

Кесте 4 – Аймақтық халық санының өзгерісі, 2010–2025 жж.

Аймақ / Қала	Халық саны өзгерісі, %	2010 ж. халық, мың адам	2025 ж. халық*, мың адам
Солтүстік Қазақстан	–15	600	510
Қостанай	–10	900	810
Түркістан	+18	1400	1652
Алматы қ.	+23	1800	2214
Астана қ.	+31	1000	1310
Шығыс Қазақстан	+1	1200	1212
Жамбыл	+11	800	888
Ақмола	+6	750	795
Маңғыстау	+10	400	440

Ескертпе: Авторлармен [13, 14] дереккөз негізінде құрастырылған.

Аймақтық демографиялық динамика Қазақстандағы ішкі көші-қонның экономикалық кеңістікті қайта қалыптастырып отырғанын көрсетеді. Халықтың Астана, Алматы және Түркістан өңірлеріне шоғырлануы еңбек ресурстарының теңгерімсіз бөлінуіне ықпал етуде. Бұл үрдіс солтүстік аймақтарда еңбек тапшылығын күшейтіп, урбанизацияланған өңірлерде инфрақұрылымдық және әлеуметтік жүктеменің артуына әкеледі.

Бұл үрдіс аймақтар арасындағы еңбек ресурстарының теңгерімсіздігін күшейтіп, кейбір өңірлерде кадр тапшылығын, мегаполистерде еңбек нарығындағы бәсекенің артуын туында-тады. Көші-қон ағындарының оңтүстік өңірлер мен ірі қалаларға шоғырлануы экономикалық белсенділіктің аймақаралық теңсіздігін көрсетеді.

Қазақстандағы жоғары білікті кадрлардың елден кетуінің динамикасы соңғы онжылдықта тұрақты өсіп келеді. 2010 ж. жалпы кетушілердің 31,8%-ын жоғары білікті мамандар құраса, 2025 ж. бұл көрсеткіш 38,8 %-ға жеткен (5-кесте). Бұл үрдіс елдің ғылыми және инновациялық әлеуетіне айтарлықтай әсер етеді, себебі жаңа технологияларды енгізу мен ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру үшін білікті кадрлар қажет. Әсіресе IT, инжиниринг, биотехнология және ғылыми-зерттеу салаларында жоғары білікті мамандардың тапшылығы инновациялық жобаларды іске асыруға кедергі келтіреді және технологиялық трансфердің баяулауына әкеледі. Кадрлардың шетелге кетуі ұлттық инновациялық жүйенің тиімділігін төмендетеді, сонымен қатар халықаралық ынтымақтастықты дамытуға кедергі жасайды [14].

Кесте 5 – Жоғары білікті кадрлардың кетуі, %

Жыл	Жалпы кетушілер	Жоғары білікті мамандар	% үлесі
2010	22	7	31,8
2012	25	8	32,0
2015	35	12	34,3
2017	38	13	34,2
2020	44	16	36,4
2022	46	17	36,9
2024	48	18	37,5
2025*	49	19	38,8

Ескертпе: Авторлармен [13, 14] дереккөз негізінде құрастырылған.

Зерттеу нәтижелері жоғары білікті кадрлардың сыртқы көші-қондағы үлесінің артып отыр-ғанын көрсетеді. Бұл үрдіс еңбек нарығындағы құрылымдық теңгерімсіздікке, жалақы айыр-машылықтарына және ғылыми-техникалық салалардағы халықаралық бәсекенің күшеюіне

байланысты. Әсіресе ақпараттық технологиялар, инженерия және медицина салаларында кадрлық кету экономиканың инновациялық әлеуетіне әсер етуде.

Жоғары білікті кадрлардың елден кетуі инновациялық сектордағы зерттеу әлеуетін төмендетеді. Көптеген ғылыми институттар мен стартаптар кадр тапшылығы салдарынан жобаларын жоспарланған мерзімде іске асыра алмай, технологиялық жаңалықтарды енгізуде артта қалады. Сонымен қатар, шетелге кеткен мамандардың елге қайтып келмеуі немесе ұзақ уақыт бойы халықаралық жобалардан оқшаулануы ұлттық инновациялық экожүйенің интеграциясын тежейді [15].

Ішкі көші-қон урбанизацияланған аймақтарға – Алматы және Астана қалаларына бағытталған жағдайда еңбек өнімділігінің айтарлықтай өсуіне ықпал етеді. 2010 жылдан 2025 жылға дейін Алматы қаласында еңбек өнімділігі 100 индекстен 128 индексіне дейін өссе, Астанада 100 индекстен 133 индексіне жеткен (6-кесте). Бұл қалалардағы көші-қон урбанизацияланған өндіріс орындарының дамуына, қызмет көрсету саласының кеңеюіне және инновациялық кәсіпкерліктің өсуіне байланысты.

Сонымен қатар, Солтүстік Қазақстан облысында еңбек өнімділігі 2010 жылғы деңгейден төмендеп, 97%-ға жеткен, бұл аймақта кадр тапшылығы мен ауылдық көші-қонның теріс әсерін көрсетеді. Түркістан, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында еңбек өнімділігінің өсуі орташа деңгейде байқалады (116–122%), бұл өңірлерде кадрларды тарту және инновациялық инфрақұрылымды дамыту қажеттілігін білдіреді. Ауылдық аймақтар мен индустриалды емес аймақтарда мамандардың жетіспеушілігі экономикалық өсімді бәсеңдетеді және аймақтық теңсіздікті күшейтеді [16].

Кесте 6 – Аймақтық еңбек өнімділігі индексі, 2010–2025 жж. (2010=100)

Аймақ	2010	2012	2016	2018	2020	2022	2024	2025*
Солтүстік Қазақстан	100	101	102	101	100	99	98	97
Алматы қ.	100	105	112	115	118	122	125	128
Астана қ.	100	108	115	120	123	127	130	133
Түркістан	100	103	108	112	115	118	120	122
Шығыс Қазақстан	100	102	105	108	110	112	115	116
Қарағанды облысы	100	104	107	111	114	116	118	119

Ескертпе: Авторлармен [13] дереккөз негізінде құрастырылған.

Еңбек өнімділігі көрсеткіштері көші-қон ағындарының аймақтық экономикалық даму деңгейіне тікелей әсер ететінін көрсетеді. Ең жоғары өсім Астана және Алматы қалаларында байқалады, бұл жоғары білікті еңбек ресурстарының шоғырлануымен және қызмет көрсету секторының кеңеюімен байланысты. Ал халықтың кетуі байқалатын солтүстік өңірлерде еңбек өнімділігінің баяу өсуі немесе төмендеуі байқалады.

Аймақтық динамика көші-қонның экономикалық әсерін айқын көрсетеді. Урбанизацияланған аймақтарда еңбек өнімділігінің өсуі кадрлардың концентрациясына және жаңа экономикалық мүмкіндіктерге байланысты, ал кейбір ауылдық өңірлерде тапшылық салдарынан экономикалық өсім баяулайды. Бұл көрсеткіштер Қазақстанның аймақтық даму стратегиясын қайта қарастыру қажеттігін, кадрларды тиімді орналастыру мен инновациялық инфрақұрылымды дамыту саясаттарын жүзеге асырудың маңыздылығын дәлелдейді.

Қазақстандағы ішкі және халықаралық көші-қон үрдістерінің әлеуметтік-экономикалық салдары екі негізгі бағытта байқалады: позитивті және негативті әсерлер. Позитивті әсерлер урбанизацияланған аймақтардағы экономикалық белсенділіктің өсуіне, еңбек ресурстарының ұтқырлығының артуына және жұмыссыздық деңгейінің тұрақтануына ықпал етеді. Ішкі көші-қон аймақаралық теңгерімді ішінара жақсартып отырып, экономикалық мүмкіндіктерді шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Аймақтық айырмашылықтарды талдау көші-қон процестерінің кеңістіктік теңгерімсіздік қалыптастыратын негізгі факторлардың бірі екенін көрсетеді. Халықтың ірі қалаларға шоғырлануы «өсу полюстері» теориясына сәйкес экономикалық белсенділіктің белгілі бір орталықтарда жинақталуына алып келеді. Алайда бұл модель ұзақ мерзімді перспективада

аймақаралық әлеуметтік-экономикалық алшақтықтың ұлғаюына және еңбек ресурстарының тиімсіз бөлінуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан көші-қон саясаты тек реттеуші емес, теңестіруші функцияны да атқаруы тиіс.

Халықаралық деңгейде жоғары білікті кадрлардың елден кетуі, яғни “brain drain”, инновациялық және ғылыми әлеуетке кері әсер етеді [17]. Аймақтық теңсіздік кейбір өңірлерде кадр тапшылығын және экономикалық өсімнің баяулауын тудырады. Жоғары білікті кадрлардың эмиграциясы тек еңбек ресурстарының қысқаруына ғана емес, сонымен қатар «интеллектуалдық капиталдың ағып кетуіне» әкеледі. Бұл құбылыс ұлттық инновациялық жүйенің тиімділігін төмендетіп, ғылыми-зерттеу және технологиялық даму қарқынын баяулатады.

Бұл үрдіс «кері мультипликативтік әсер» туындатады, яғни жоғары білікті мамандардың кетуі олардың орнын толтыру шығындарын арттырып, білім беру жүйесіне қосымша жүктеме түсіреді.

Сонымен қатар, урбанизацияланған қалаларда бейресми сектордың өсуі мен инфрақұрылымның артық жүктелуі әлеуметтік және экономикалық мәселелерге себеп болуы мүмкін (7-кесте).

Кесте 7 – Көші-қонның позитивті және негативті әсерлері

Позитивті әсерлер	Негативті әсерлер
Еңбек ресурстарының ұтқырлығы	Brain drain
Аймақаралық теңгерімнің ішінара жақсаруы	Аймақтық теңсіздік
Жұмыссыздықтың тұрақтануы	Бейресми сектордың өсуі
Урбанизация арқылы экономикалық кеңею	Инфрақұрылым жүктемесі
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.	

Алынған нәтижелер көші-қон процестерін мемлекеттік деңгейде жүйелі және стратегиялық басқарудың қажеттілігін дәлелдейді. Көші-қон саясаты еңбек нарығының нақты қажеттіліктерімен үйлестіріліп, аймақтық даму стратегияларымен және адами капиталды дамыту бағдарламаларымен тығыз байланыста іске асырылуы тиіс.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, көші-қонды тиімді басқару келесі бағыттар арқылы жүзеге асады:

- ♦ еңбек нарығын болжамдық модельдеу және аймақтық кадр тапшылығын алдын алу;
- ♦ кәсіби қайта даярлау және мамандарды қайта орналастыру;
- ♦ әлеуметтік интеграция және бейресми жұмыспен қамтуды азайту;
- ♦ инновациялық даму және жоғары білікті кадрларды тарту;
- ♦ урбанизацияның әлеуметтік-экономикалық салдарын теңестіру [18].

Мұндай кешенді тәсіл Қазақстандағы көші-қонды басқаруды тұрақты экономикалық даму, әлеуметтік тұрақтылық және адами капиталдың сапасын арттыруға бағыттайды.

Жоғары білікті кадрлардың шетелге кетуі инновациялық және ғылыми әлеуетке кері әсерін тигізеді. 2010–2025 жж. аралығында жоғары білікті кадрлардың елден кету үлесі 31,8%-дан 38,8%-ға дейін өсті. Бұл үрдіс технологиялық трансферді тежеуге, инновациялық жобаларды іске асыру мерзімінің кешігуіне және халықаралық ынтымақтастықты шектеуге әкеледі.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, көші-қон саясатын тиімді басқару үшін институционалдық және нормативтік-құқықтық элементтердің үйлесімділігі маңызды. Мысалы, Германияда және Канадада миграциялық процеске қатысты заңнамалық базаның айқындылығы, мемлекеттік қызметтер мен әлеуметтік қорғау механизмдерінің интеграциясы, сондай-ақ өңірлік деңгейде кадрларды орналастыру саясаты көші-қонды оңтайландыруға мүмкіндік береді. Қазақстанда да осы тәсілдер негізінде миграциялық саясатты жетілдіру, еңбек нарығын тиімді басқару және әлеуметтік қорғау шараларын күшейтуге бағытталған практикалық механизмдерді енгізу маңызды [19].

Берілген кестеден көрініп тұрғандай, халықаралық тәжірибеден алынған модельдер Қазақстанда көші-қон саясатын тиімді басқарудың негізін қалыптастырады. Заңнамалық базаның айқындығы, институционалдық үйлесімділік, еңбек нарығын реттеу, әлеуметтік қорғау шаралары және инновациялық секторларға жоғары білікті кадрларды тарту механизмдері Қазақстанның миграциялық процестерін оңтайландыруға мүмкіндік береді [20].

Кесте 8 – Халықаралық тәжірибе және Қазақстанда көші-қон саясатын жетілдіру бағыттары

Бағыттар	Халықаралық тәжірибе	Қазақстандағы қолдану мүмкіндігі
Заңнамалық реттеу	Германия: айқын миграциялық кодекс, еңбек және әлеуметтік құқықтарды қамтамасыз ету	Миграциялық заңнаманы жаңарту, еңбек заңнамасына интеграция
Институционалдық құрылым	Канада: федералдық және провинциялық деңгейде үйлестірілген миграциялық органдар	Мемлекеттік және аймақтық деңгейдегі үйлесімді басқару
Лицензиялау және еңбек нарығын реттеу	Австралия: жұмыс визалары, біліктілік сертификаттары	Қазақстанда білікті кадрларды тарту және орналастыру механизмдерін жетілдіру
Әлеуметтік қорғау және интеграция	Швеция: әлеуметтік қызметтерге қол жеткізу, білім беру, денсаулық сақтау	Көші-қоншылардың әлеуметтік адаптациясын қамтамасыз ету, әлеуметтік қолдау бағдарламаларын дамыту
Инновациялық және IT секторға тарту	АҚШ: STEM саласындағы мамандарға арнайы визалар	Жоғары білікті кадрларды елге тарту бағдарламаларын енгізу
Ескертпе: Авторлар құрастырған.		

Осы зерттеу нәтижелері Қазақстандағы көші-қон саясатын жетілдіру, аймақтық еңбек ресурстарын тиімді бөлу, инновациялық әлеуетті арттыру және әлеуметтік қорғау шараларын күшейту бойынша нақты бағыттарды айқындауға мүмкіндік береді.

Жүргізілген кешенді талдау көші-қон процестерінің Қазақстан экономикасы үшін көпқырлы және жүйелік сипатқа ие екенін көрсетті. Көші-қон тек демографиялық құбылыс емес, ол еңбек нарығының құрылымына, аймақтық дамуға және ұлттық инновациялық әлеуетке тікелей әсер ететін стратегиялық фактор болып табылады.

Зерттеу нәтижелері көші-қон саясатын жетілдірудің қажеттілігін дәлелдей отырып, оны экономикалық, әлеуметтік және институционалдық саясаттармен интеграциялау қажеттігін негіздейді. Өсіресе, адами капиталды сақтау, өңірлік теңгерімді дамыту және жоғары білікті кадрларды тарту бағыттары мемлекеттік саясаттың басым бағыттары ретінде қарастырылуы тиіс.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы көші-қон процестерінің елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, еңбек нарығына және демографиялық құрылымына айтарлықтай әсер ететінін көрсетті. Ішкі көші-қон урбанизацияланған қалалар мен экономикалық белсенді аймақтарға шоғырлануы арқылы еңбек өнімділігін арттырса, ауылдық өңірлерде кадр тапшылығы мен халық санының төмендеуі экономикалық өсімді бәсеңдетеді. Халықаралық тәжірибе жоғары білікті кадрлардың шетелге кетуі («brain drain») инновациялық әлеуетке кері әсер ететінін көрсетсе, Қазақстанда да бұл мәселе маңызды фактор болып отыр. Сонымен қатар, бейресми жұмыспен қамтудың сақталуы, инфрақұрылымдық қысым және аймақтық теңсіздік сияқты проблемалар урбанизация және көші-қон үрдістерімен тығыз байланысты [21].

Көші-қонның позитивті әсерлері еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру, жұмыссыздық деңгейін тұрақтандыру, урбанизация арқылы экономикалық кеңею және кейбір өңірлерде аймақаралық теңгерімді жақсартуды қамтиды. Негативті әсерлерге жоғары білікті кадрлардың кетуі, аймақтық теңсіздік, бейресми сектордың өсуі және қалалық инфрақұрылымның артық жүктелуі жатады. Осылайша, көші-қон саясатын тиімді басқару еліміздің экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады.

Жоғары білікті кадрларды сақтау және дамыту үшін еңбек нарығының қажеттіліктерімен білім беру жүйесін интеграциялау, кәсіби оқыту және қайта даярлау бағдарламаларын дамыту маңызды. Сонымен қатар, жоғары білікті мамандарды тарту және елде ұстау үшін стипендиялық, ғылыми және кәсіпкерлік қолдау бағдарламаларын кеңейту қажет. Аймақтық даму бағдарламалары арқылы еңбек ресурстарын тиімді орналастыру, өңірлік инфрақұрылымды жақсарту және шағын әрі орта кәсіпкерлікті қолдау арқылы халықтың қаладан қашық аймақтарға көшуін ынталандыру көші-қон теңгерімін сақтауға мүмкіндік береді. Бейресми

жұмыспен қамтуды азайту үшін әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру және құқықтық реттеу механизмдерін күшейту, ресми жұмыспен қамтудың тартымдылығын арттыру және еңбек құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету қажет.

Урбанизациядан туындайтын инфрақұрылымдық мәселелерді шешу үшін қалалық жоспарлау мен көлік желілерін дамыту, коммуналдық қызметтердің сапасын арттыру және урбанизацияланған қалалардағы тұрғын үй, білім беру және денсаулық сақтау инфрақұрылымын жетілдіру маңызды болып отыр.

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, көші-қонды тиімді басқарудың институционалдық тетіктерін жетілдіру, мемлекеттік және аймақтық деңгейде үйлестірілген басқару жүйесін енгізу, лицензиялау, жұмыс визалары, біліктілік сертификаттары және әлеуметтік интеграция арқылы жоғары білікті кадрларды тиімді тарту ұсынылады.

Осы шараларды жүзеге асыру Қазақстандағы көші-қонның позитивті әсерін күшейтіп, негативті факторларын азайтуға мүмкіндік береді. Тиімді көші-қон саясаты еңбек әлеуетін ұтымды пайдалануға, инновациялық және ғылыми әлеуетті арттыруға, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге және ұлттық экономиканың ұзақ мерзімді тұрақты дамуына негіз болады.

Жалпы алғанда, көші-қон саясаты Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық элементі ретінде қарастырылуы тиіс. Оны тиімді басқару еңбек ресурстарының теңгерімді бөлінуін қамтамасыз етіп, адами капиталдың сапасын арттыруға және ұлттық экономиканың тұрақты дамуына негіз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нұрланова Н.К., Тлеубердинова А.Т., Сапарбек Н.К. Қазақстандағы урбандалудың негізгі факторлары мен үрдістері: талдау және ұсынымдар // *Economy: Strategy and Practice*. – 2022. – № 17(1). – Б. 62–79. URL: <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-1-62-79>
- 2 Мусина С.Т., Хусаинова Ж.С., Вечкинзова Е.А. Миграционные процессы в Казахстане: тенденции, специфика, факторы // *Вестник КарГУ. Серия «Экономика»*. – 2020. – № 4(100). – С. 53–67.
- 3 Беккер Г.С. Человеческий капитал: экономический подход к человеческому поведению. – М.: Экономика, 2020. – 320 с.
- 4 Джусибалиева А.К., Исакова Д.М., Дуйсенбаева Б.Б., Тлеубердиева С.С., Исакова Д.Б. Қазақстан жастарының шетелге білімділік және еңбек көші-қонының экономикалық аспектілері мен факторлары // *Economy: Strategy and Practice*. – 2022. – № 17(2). – Б. 126–145. URL: <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-2-126-145>
- 5 Borjas G.J. *Labor Economics*. 9th ed. New York: McGraw-Hill Education, 2024. 600 p.
- 6 Dustmann C., Görlach J.-S. The economics of temporary migrations // *Journal of Economic Literature*. 2021. Vol. 59. No. 4. P. 1085–1148. URL: <https://doi.org/10.1257/jel.20191412>
- 7 Абдраманова У.Е., Ниеталина Г.К., Орловская Р., Спанов М.У. Қазақстанның жастар көші-қонының экономикалық салдары: адами капиталдың жоғалуын талдау // *Тұран университетінің хабаршысы*. – 2024. – № 4. – Б. 186–199. URL: <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2024-1-4-186-199>
- 8 Рязанцев С.В. Вклад миграции в демографическое и социально-экономическое развитие России // *Социологические исследования*. – 2019. – № 9. – С. 116–127. URL: <https://elibrary.ru>
- 9 Мухамеданова А. Влияние миграции на социально-экономическое развитие Республики Казахстан // *Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва. Серия политологии, региональных исследований, востоковедения, этнологии*. – 2025. – № 152(3). – С. 142–158. URL: <https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-152-3-142-158>
- 10 Сұлтанова З.М. Интеграциялық процестердің дамуын бағалау туралы Еуразиялық экономикалық одақта // *Central Asian Economic Review*. – 2024. – № 6. – Б. 8–23. DOI URL: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2024-6-8-23>
- 11 Ионцев В.А., Рязанцев С.В., Ионцева С.В. Новые тенденции и формы миграции в России // *Экономика региона*. – 2016. – Т. 12. – № 2. – С. 499–509. URL: <https://doi.org/10.17059/2016-2-15>
- 12 Тлеубердиева С.С., Ысқақова Д.Б. Қазақстан жастарының көші-қонының экономикалық аспектілері // *Экономика: стратегия және практика*. – 2022. – № 2. – Б. 126–146.
- 13 Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы. Қазақстандағы демографиялық және көші-қон деректері. – Алматы: Ұлттық статистика бюросы, 2025. URL: <https://stat.gov.kz> (өтініш берілген күн: 13.05.2026)
- 14 Қазақстан Республикасының Үкіметі. Көші-қон және халықты орналастыру стратегиясы 2020–2025. – Нұр-Сұлтан: ҚР Үкіметі, 2025. URL: <https://gov.kz> (өтініш берілген күн: 13.05.2026)

- 15 Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. Еңбек нарығы туралы жылдық есеп. – Нұр-Сұлтан, 2025. URL: <https://gov.kz> (өтініш берілген күн: 13.05.2026)
- 16 Шохан Р. Көші-қон ағынының Қазақстан Республикасының еңбек нарығына әсері // Вестник социологии и социальной антропологии. – 2024. – № 27(3). – Б. 45–62. URL: <https://elibrary.ru>
- 17 OECD. International Migration Outlook 2025. Paris: OECD Publishing, 2025. URL: <https://www.oecd.org> (өтініш берілген күн: 25.02.2026)
- 18 UNDP. Human Development Report 2025: Human Mobility and Development. New York: UNDP, 2025. URL: <https://hdr.undp.org> (accessed: 22.02.2026)
- 19 World Bank. Kazakhstan Economic Update: Labor Market and Migration. Washington, DC: World Bank, 2025. URL: <https://www.worldbank.org> (accessed: 27.02.2026)
- 20 Сабирова Р.К., Мусаева А.А., Тажиденова А.Р. Қазақстанда жастар еңбек көші-қоны мәселесі // Тұран университетінің хабаршысы. – 2021. – № 2. – Б. 95–104. URL: <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-2-95-104>
- 21 Michailat P. Migration-Induced Unemployment: A Model and Empirical Evidence // Review of Economic Dynamics. 2023. Vol. 47. P. 385–406. URL: <https://doi.org/10.1016/j.red.2023.07.005>

REFERENCES

- 1 Nūrlanova N.Q., Tleuberdinova A.T., Saparbek N.K. (2022) Qazaqstandaǵy urbanaludyń negizgi faktorlary men űrdisteri: taldau jǵne űsynymdar // Economy: Strategy and Practice. Vol. 17. No. 1. P. 62–79. URL: <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-1-62-79> (In Kazakh)
- 2 Musina S.T., Husainova Zh.S., Vechkinzova E.A. (2020) Migracionnye processy v Kazahstane: tendencii, specifika, faktory // Vestnik KarGU. Seriya «Jekonomika». Vol. 4. No. 100. P. 53–67. (In Russian)
- 3 Bekker G.S. (2020) Chelovecheskij kapital: jekonomicheskij podhod k chelovecheskomu povedeniju. M.: Jekonomika. 320 p. (In Russian)
- 4 Jusibalieva A.K., Īskakova D.M., Duisenbaeva B.B., Tleuberdieva S.S., Īskakova D.B. (2022) Qazaqstan jastarynyń űetelge bilimdilik jǵne eńbek kōűi-qonynyń ekonomikalıq aspektleri men faktorlary // Economy: Strategy and Practice. Vol. 17. No. 2. P. 126–145. URL: <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-2-126-145> (In Kazakh)
- 5 Vorjas G.J. (2024) Labor Economics. 9th ed. New York: McGraw-Hill Education. 600 p. (In English)
- 6 Dustmann C., Gōrlach J.-S. (2021) The economics of temporary migrations // Journal of Economic Literature. Vol. 59. No. 4. P. 1085–1148. URL: <https://doi.org/10.1257/jel.20191412> (In English)
- 7 Abdramanova U.E., Nietalina G.K., Orlovska R., Spanov M.U. (2024) Qazaqstannyń jastar kōűi-qonynyń ekonomikalıq saldary: adami kapitaldyń joǵaluyn taldau // Tūran universitetiniń habarűsysy. No. 4. P. 186–199. URL: <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2024-1-4-186-199> (In Kazakh)
- 8 Rjazancev S.V. (2019) Vklad migracii v demograficheskoe i social’no-jekonomicheskoe razvitie Rossii // Sociologicheskie issledovaniya. No. 9. P. 116–127. URL: <https://elibrary.ru> (In Russian)
- 9 Muhamecanova A. (2025) Vlijanie migracii na social’no-jekonomicheskoe razvitie Respubliki Kazahstan // Vestnik Evrazijskogo nacional’nogo universiteta im. L.N. Gumiljova. Seriya politologii, regional’nyh issledovaniy, vostokovedeniya, tjurkologii. Vol. 152. No. 3. P. 142–158. URL: <https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-152-3-142-158> (In Russian)
- 10 Sūltanova Z.M. (2024) Īntegrasialyq prosesterdiń damuyn baǵalau turaly Eurazialyq ekonomikalıq odaqta // Central Asian Economic Review. No. 6. P. 8–23. URL: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2024-6-8-23> (In Kazakh)
- 11 Ioncev V.A., Rjazancev S.V., Ionceva S.V. (2016) Novye tendencii i formy migracii v Rossii // Jekonomika regiona. Vol. 12. No. 2. P. 499–509. URL: <https://doi.org/10.17059/2016-2-15> (In Russian)
- 12 Tleuberdieva S.S., Ysqaqova D.B. (2022) Qazaqstan jastarynyń kōűi-qonynyń ekonomikalıq aspektleri // Ekonomika: strategiya jǵne praktika. No. 2. P. 126–146. (In Kazakh)
- 13 Qazaqstan Respublikasynyń Ŭlttyq statistika bűrosy. Qazaqstandaǵy demografialyq jǵne kōűi-qon derekteri. Almaty: Ŭlttyq statistika bűrosy, 2025. URL: <https://stat.gov.kz> (ōtiniű berilgen kűn: 13.05.2026) (In Kazakh)
- 14 Qazaqstan Respublikasynyń Ŭkimeti. Kōűi-qon jǵne halyqty ornalastyru strategiasy 2020–2025. Nűr-Sűltan: QR Ŭkimeti, 2025. URL: <https://gov.kz> (ōtiniű berilgen kűn: 13.05.2026) (In Kazakh)
- 15 Eńbek jǵne halyqty āleumettik qorǵau ministrliǵy. Eńbek naryǵy turaly jyldyq esep. Nűr-Sűltan, 2025. URL: <https://gov.kz> (ōtiniű berilgen kűn: 13.05.2026) (In Kazakh)
- 16 űohan R. (2024) Kōűi-qon aǵynyńyń Qazaqstan Respublikasynyń eńbek naryǵyna āseri // Vestnik sosiologii i sosiālnoi antropologii. Vol. 27. No. 3. P. 45–62. URL: <https://elibrary.ru> (In Kazakh)
- 17 OECD. International Migration Outlook 2025. Paris: OECD Publishing, 2025. URL: <https://www.oecd.org> (ōtinish berilgen kűn: 25.02.2026) (In English)

18 UNDP. Human Development Report 2025: Human Mobility and Development. New York: UNDP, 2025. URL: <https://hdr.undp.org> (accessed: 22.02.2026) (In English)

19 World Bank. Kazakhstan Economic Update: Labor Market and Migration. Washington, DC: World Bank, 2025. URL: <https://www.worldbank.org> (accessed: 27.02.2026) (In English)

20 Sabirova R.K., Musaeva A.A., Tajidenova A.R. (2021) Qazaqstanda jastar eñbek köşı-qony мәselesi // Tūran universitetiñ habarşysy. No. 2. P. 95–104. URL: <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-2-95-104> (In Kazakh)

21 Michailat P. (2023) Migration-Induced Unemployment: A Model and Empirical Evidence // Review of Economic Dynamics. Vol. 47. P. 385–406. URL: <https://doi.org/10.1016/j.red.2023.07.005> (In English)

ТОЛАМИСОВА А.Г.,¹

докторант.

e-mail: zhantokab@mail.ru

ORCID ID: 0009-0003-4269-0433

БАЙДЫБЕКОВА С.К.,^{*1}

к.э.н., профессор.

*e-mail: b-saltanat@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-7974-1236

ДЫРКА С.,²

д.э.н., профессор.

e-mail: stefandyrka@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-5677-0675

СЮБЕБАЕВА Ж.К.,¹

м.э.н., преподаватель-лектор.

e-mail: s.zhuldiz.e@mail.ru

ORCID ID: 0009-0003-4269-0433

¹Жетысуский университет им. И. Жансугурова,
г. Талдыкорган, Казахстан
Верхнесилезский экономический
университет имени В. Корфанто,
г. Катовице, Польша

МИГРАЦИЯ И РЫНОК ТРУДА: ВЛИЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ НА ЭКОНОМИКУ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Статья посвящена комплексному анализу влияния миграционных процессов в Республике Казахстан на рынок труда, качество человеческого капитала и структурное развитие национальной экономики, всестороннему рассмотрению современного состояния и динамики развития внутренних миграционных процессов в Республике Казахстан, анализу основных направлений урбанизации, причин миграции населения из сельских районов в крупные города и экономически активные регионы, а также различий в уровнях социально-экономического развития между регионами. В ходе исследования была выявлена взаимосвязь миграции с социально-экономическими и демографическими факторами, проведена аналитическая оценка на основе официальных национальных и международных статистических данных за 2010–2025 гг. В исследовании использовались методы экономического и статистического анализа. Результаты эмпирического анализа показали, что внутренняя миграция связана с повышением производительности труда в урбанизированных регионах на 25–30%, а рост доли высококвалифицированных кадров в рамках внешней миграции с 31,8% до 38,8% усиливает риск долгосрочного негативного воздействия на Национальный инновационный потенциал. Результаты исследования показали, что миграция способствует повышению территориальной мобильности трудовых ресурсов, частичному улучшению межрегионального баланса и ускорению процесса урбанизации. Кроме того, выявлены такие риски, как отток высококвалифицированных кадров на фоне внешней миграции, увеличение инфраструктурной нагрузки в крупных городах вследствие внутренней миграции и увеличение неформальной занятости. Полученные результаты обосновывают важность совершенствования механизмов эффективного управления внутренней миграцией, обеспечения регионального сбалансированного развития и комплексной модернизации городской инфраструктуры. Итоги исследования позволят учесть миграционный фактор в государственной и региональной политике развития, выработать практические рекомендации,

направленные на сокращение социально-экономического разрыва между регионами и гармонизацию долгосрочного экономического развития страны.

Ключевые слова: миграция, рынок труда, человеческий капитал, экономическое развитие, региональный баланс, урбанизация, государственная политика, социальная интеграция, международный опыт.

TOLAMISOVA A.G.,¹

PhD student.

e-mail: zhantokab@mail.ru

ORCID ID: 0009-0003-4269-0433

BAIDYBEKOVA S.K.,*¹

c.e.s., professor.

*e-mail: b-saltanat@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-7974-1236

DYRKA S.,²

d.e.s., professor.

e-mail: stefandyrka@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-5677-0675

SYUBEBAEVA ZH.K.,¹

m.e.s., teacher-lecturer

e-mail: s.zhuldiz.e@mail.ru

ORCID ID: 0009-0003-4269-0433

¹Zhetysu University named after I. Zhansugurov,
Taldykorgan, Kazakhstan

²Upper Silesian University of Economics
named after W. Korfant,
Katowice, Poland

MIGRATION AND LABOR MARKET: IMPACT AND PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF THE ECONOMY OF KAZAKHSTAN

Abstract

The article is devoted to a comprehensive analysis of the impact of migration processes in the Republic of Kazakhstan on the labor market, the quality of human capital and the structural development of the national economy. To comprehensively review the current state and dynamics of internal migration processes in the Republic of Kazakhstan. Analysis of the main trends in urbanization, the reasons for the concentration of the population from rural areas to large cities and economically active regions, and the differences in socioeconomic development levels between regions. The study identified the relationship between migration and socioeconomic and demographic factors, and conducted an analytical assessment based on official national and international statistical data for 2010–2025. The study used methods of economic and statistical analysis. The results of the empirical analysis showed that internal migration is associated with a 25–30% increase in labor productivity in urbanized regions, and an increase in the share of highly qualified personnel in external migration from 31,8% to 38,8% increases the risk of a long-term negative impact on national innovation potential. The study results showed that migration contributes to increased territorial mobility of labor resources, partial improvement of the interregional balance, and acceleration of the urbanization process. In addition, there are risks such as the outflow of highly qualified personnel due to external migration, an increase in the infrastructure burden in large cities due to internal migration, and an increase in informal employment. The results obtained substantiate the importance of improving the mechanisms of effective management of internal migration, ensuring regional balanced development and comprehensive modernization of urban infrastructure. The results of the study will allow taking into account the migration factor in state and regional development policies, develop practical recommendations aimed at reducing the socio-economic gap between the regions and harmonizing the long-term economic development of the country.

Keywords: migration, labor market, human capital, economic development, regional balance, urbanization, public policy, social integration, international experience.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 06.04.2026